

№8 «Болашақ» бөбекүйкай-бақшасы МКҚҚ

Ата-анаға кеңес:

«Баламен қалай сөйлесем?».

Педагог-психолог: Даурова Галия Советовна

2025 жыл

№8 "Болашақ" бобекшалы- балашасындағы ата аналарға ариналған көпес беру пункттін
жұмыс жоспары бойынша "Баламен қалай сойлесем?" тақырыпта ата-аналармен жеке көпес.
атты тақырыпта ата-аналармен жеке көпес

- балага елікстеп, балаша сөздің айтылымын бүрмаламау;
- анық, дұрыс, эмоционалды түрде сойлесу;
- балага кітапты көбірек оқып, жаңа және бейттаныс сөздерді түсіндіріп беру;
- балага сұрақ қойғанда, жауап беруін асықтырмасыз;
- ешбір жағдайда баланы мазақтап, сойлеу қателіктегі үшін жазаламау.

Ең басты назар аударатын жайттардың бірі-ата-ананың балага деген шексіз махаббаты. Сөзсіз, иә, баланы сүю керек, бірақ мәселе онда емес, ең маңыздысы сол сезімді басқара білу.

Унемі еркелете берсе, балага ол кері әсерін тигізеді. Кейбір ата-ана баланың ыңқыл-сыңқылын әлдебір табиғи нәрсе ретінде қабылдайды. Кей кезде тіпті баланың жағымсыз әрекеттерінің өзі де оларды қуантып жатады. Унемі назардың ортасында болып үйренген бала нағыз дөрекі мінезді бола бастайды.

Баланың тындармауы - үлкеннің баланың алдында еш абыройы жоқтығының белгісі. Бала тәрбиесі баршамызға ортақ іс. «Адамның әуелден тоқымашы немесе хатшы болып тумайтыны сияқты, қарапайымдылық пен жаман қылышқа адамға әуел бастан жаратылысынан дарымайды.» Әбу Насыр әл-Фараби-атамыз айтқандай.

ҚОШТАСҚАНДА БАЛА ҚАТТЫ ЖЫЛАЙДЫ

Сіз үйқыдан ояндыңыз. Баланы балабақшага апару керек, ал балаңыз балабакшага барғысы келмейді. Сіз үйден шығуға дайынсыз, ал балаңыз жерде домалап, шыңғырып жылап жатыр. Не істеулеріңізді білмейсіз, шыдамыңыз таусылды. Жылап жатқан баланы көтеріп алып, балабақшага жүгіріп келесіз. Баланы әрен шешіндіресіз, бала әлі де жылап, сізден айырылмайды. Тәрбиеші әрен дегенде баланы сізден айырып алып топқа кіргізеді. Сіз балабақшаның есігін жауып, кетіп бара жатып, балам әлі де жылап жатқан шығар деп, терезеге қарайсыз. Не көресіз? Немесе не көргініз келеді? Балаңыз біраздан соң жасын сүртіп түк болмаған сияқты басқа балалармен ойнап кетті.

ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

Баланың балабакшага дейін жолын қызықты қылу керек.'

Міндетті түрде үйге келгенде балаңызды мадақтаныз."

Күні қалай өткенін асықпай сұрастырып әнгімелесініз,'

Қалай сағынғаныңызды айтыңыз, балабақшадағы тәртібі үшін мақтаңыз. Балабакшага баратын жолмен демалыс күндерінде де қыдырып жүру қажет. Бірақ та жүргенде тек қана жақсы көнілді эмоциянызды көрсетіңіз.

Өз өзіңізге сенімді болыңыз. Егер, балабақшага жақындаған сайын баланың жылағанынан қорықсаныз, сіздің қорықканыңыз балага да беріледі. Балабақша сіздерге қаншалықты керектігін өзіңіз үшін нақты шешіп алуыңыз керек. Егер де керек деп шешсөніз, онда өз өзіңізге сенімді болып, шешіміңіздің дұрыстығында еш күмәнініз болмасын.

